

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 тамыздағы N 1192 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 қараша N 1434. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.02.24. N 132 қаулысымен. ~P980132

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Құқық қорғау және сот органдарының арнаулы шоты туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 тамыздағы N 1192 P961192\_ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

қаулының атауы мен 1-тармағынан "және сот" деген сөздер алынып тасталсын;

қаулының мәтініндегі "Ішкі істер министрлігі" деген сөздер "Мемлекеттік тергеу комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекетке келтірілген зиянды өтеу сомасынан, соттың үкімі бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті, сондай-ақ соттың шешімі бойынша қылмыскерлерден тәркіленіп алынған барлық көлік құралдарды, ұйымдастыру техникалары және байланыс құралдарын сатудан түскен қаражаттан 50 процент мөлшерінде аударым";

үшінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қаржы министрлігінің келісімі бойынша, бір ай мерзімде, нығайту үшін аталған арнаулы шоттың қаражаты берілетін Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының тізбесін айқындасын";

3, 4, 5-тармақтар тиісінше 4, 5, 6-тармақтар болып саналсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

